

Тексерілді:
«Балапан» МДҰ МКҚК
әдіскері: *С.Х. Байдавлетова* С.Х. Байдавлетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2023 жыл III апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 16.01.2023	Сейсенбі 17.01.2023	Сәрсенбі 18.01.2023	Бейсенбі 19.01.2023	Жұма 20.01.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап». Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (қамқор, сезімтал және іскер) аудару. Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру				
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртінуге. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан				

	кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. (көркем әдебиет) «Қандай мамандық иелерін таниды?», «Ата аналары қандай мамандық иесі» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету	Дене шынықтыру
	ші-ші-ші Ағам менің – әнші Әпкем менің – биші Көкем менің – күйші Тіл ұстарту жаттығуын жасату, әнші биші күйшіні суреттер арқылы танысытыру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту (сөйлеуді дамыту) Әнші балапан әнін теледидарға қарап айту. (музыка)	Топқа медбике апай қонаққа келеді. Өзінің мамандығында пайдаланатын құралдарды көрсетеді. Олардан қорқудың қажеті жоқ екен айтады. Балаларға ойыншық құралдарды беріп дәрігер болып ойнауға ұсынады. Қуыршақтарды тыңдап, ыстығын өлшеп дәрі берген болып ойнау. тазалық сақтау ауырмаудың	Қалпағы ақ қарасаң, Дәрігер емес ,бірақ та, Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз) Топқа аспаз апай қонаққа келеді. Балаларға тәтті күлше жасап бергісі келетінін айтады. Ол үшін пішіндерді бастырып камырдан күлшелер жасау керектігін	Терезеге қарап көліктерді бақылату. Осы көліктерді кім жүргізеді. Автобустарды ше? Жүргізуші деген кім? сендердің ата аналарың , жақындарың көлік жүргізе ала ма? (сөйлеуді дамыту) Жүргізушінің құралы көлік екенін түсіндіру, дөңгелектері салынбаған көліктерді дөңгелек	Ілініп тұрған суреттерге қарап қандай мамандық иесі екенін танып атау. Үстел үстінде тұрған құрал саймандарды сәйкестіріп қасына қою. Ол мамандық иелері туралы не білгенін, бірлескен қандай іс әрекет жасағандарын естеріне түсіру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

		негізгі жолы екенін айтып, тазалық құралдарымен таныстырады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дәрігердің құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	түсіндіреді. Балалар аспазшыға әнші балапан әнін орындап, менің анам дәрігер тақпағын айтып береді. Бірге кім жылдам ойынын ойнайды. Осы уақытта күлшелер пісіп жылы күйінде топқа келеді. Балалар аспазға алғысын айтып шығарып салады (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, музыка)	салып аяқтап, бояу. Ермексаздан машинаның рөлін жасау. (сурет салу, мүсіндеу).	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру. Аула тазалаушы мен бақташыға көмектесу. Оларға әнші балапан әнін айтып беру.	Қардан доп құрастыру, нысанға дәлдеп лақтыру. (құрастыру) Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер	Ауладағы ауа райын бақылап, сипаттай білу. Құстарға жем беру. (қоршаған ортамен таныстыру)	Көліктердің іздерін қарау. көлік жүргіземіз деп рөл ұстағандай болып жүріп, дауыстарын келтіру. Тұраққа келеміз, жол жүреміз тапсырмаларын	Серуенге алып шыққан ойыншықтардың бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. (қоршаған ортамен

	<p>(қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Қимылды ойын «Кім жылдам»</p> <p>Қардан жұлдызқұрт жасау. (құрастыру)</p>	<p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p> <p>Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету</p>	<p>Еркін ойындар.</p> <p>Қ/О «Поезд»</p> <p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері)</p>	<p>орындау. Оңға солға бұрылғанда кеңістікті бағдарлау дағдыларын пысықтау. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p>	<p>таныстыру, математика негіздері)</p> <p>Қардан доп жасау, оны домалатып, ұшырып көру. Доп пен қардан жасалған допты салыстыру. (құрастыру)</p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қ/О «Поезд»</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)</p>				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	<p>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы</p>				

	дамыту) Қолдарын жуу, құргатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын меңгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Әнші, биші, күйшінің суреттерін қарау, олардың құралдарымен ойындар ойнап, олар туралы ертегі ойлап айту. Суреттер бояу, ермексаздан микрофон жасау, қағаз бетіне әр өнер иесіне тиесілі аспаптарын жапсыру. (көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p>	<p>Менің мамам дәрігер Ө. Мұсаханов Тіс ауырса, іш ауырса Мамам дәрі береді. Барлық ана, барлық бала, Оны жақсы көреді. Тақпағын таныту. Ауырып жатқан адамға жанашырлық танытуға тәрбиелеу (көркем әдебиет)</p> <p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері)</p>	<p>«Жеті лақ» ертегісін естеріне түсіріп кітаптан суреттерін көрсетіп оқып беру. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету. (көркем әдебиет)</p> <p>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Шыққан түске сәйкес келетін шарларды салу. (сурет салу)</p> <p>Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. (құрастыру)</p>	<p>Қағаз бетіне дайын көлікті желім жағып жапсырту (жапсыру)</p> <p>Әндер мен такпақтар және билерді қайталау (көркем әдебиет, музыка)</p> <p>Құрастыру материалдарынан көлік құрастыруды жетілдіру. (құрастыру)</p> <p>Еркін іс әрекеттер</p>	<p>Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Фланелеграфта сүйікті мамандық иесінің құралдарын таңдап жапсыру. Ойыншықтарының суретін бояу. Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен</p>

					сүртіп кептіруді үйрету (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету Мади,Ерқанат	Тіл ұстарту жаттығуын жасату Снежана,Тесса	Арыстан,Фатима Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке Математика негіздері)	Ұсақ қол моторикасын дамыту. Нейрожаттығу жасау. Нұрман,Мадияр Сурет салу	Али,Абдурахим оң және сол жақтарын ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-	Бүгінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау (көркем әдебиет, музыка) Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.

		жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар			
Балалардың үйге қайтуы	Баласының қысқы ойындар туралы не білетінін сұрау. Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну				